



БИОЛОГИЯ



ЖӘНЕ САЛАУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Ғылыми-педагогикалық журнал

1
2018



КЕЛЕСІ НӨМІРДЕ:

- Тірі ағзадағы құбылыстар
- Тыныс алу жүйесі
- Ойлан, тап, есепте.

МАЗМҰНЫ

ҒАЛЫМДАР ЗЕРТХАНАСЫНДА

Г.Атанбаева, Р.Мухамадиева,
А.Ерназарова, М. Молдасқызы,
Г.Ғалымқызы. Жаңа технологияларды
енгізудің маңызы.....3

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ: ӘДІСТЕМЕЛІК ІЗДЕНІСТЕР

А.Құрасбаева, З.Рахимова. Мектеп
оқушыларының шығармашылық деңгейін
биология пәнін оқыту арқылы қалыптас-
тыру.....7

ҰСТАЗ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

С.Тыныштықова. Онтогенез.....12
Г.Тянова. Тірек қимыл жүйесінің
құрамдас бөліктері.....17
Д.Абылкасова. Моногибридтік бу-
дандастыру және оның цитологиялық
негіздері.....20
А.Ильясова. Ағзаның ең негізі сұйық орта-
сы.....23
А.Алпамысқызы. Жануарлардағы
қанайналым мүшелері.....26
Г.Сейтжанова. Тыныс алу жүйесі.....28
П.Абенова. Жасушаның құрылысы.....31
Б.Мухамадиева. Тірі ағзадағы құбылыс-
тар.....33

Н.Әбілбаева. «Өрмекшінің өрмегі» ойы-
ны.....35
Г.Донесова. Ойлан, тап, есеп-
те.....38
Б.Ержанова. Адамның мінез-құлқы және
психикасы.....40
Б.Идрисова. Ағзалардың тіршілік әреке-
ті.....41
Г.Карманова. Гүлді өсімдіктердегі
қосарлы ұрықтанудың маңызы.....44

ТІРШІЛІК ӘЛЕМІНДЕ

Т.Әбішева. Қабылан – Үстірім өлкесінің
ежелгі жыртқыш аңы.....46

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

Ж.Досекенова. Ырысты елдің ығы бол-
ған.....49

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС

Б.Жантөриева. Табиғат – тіршілік нәрі..
.....51

ЕСКЕ АЛУ

С.Қасенов, М.Усербаева. Ғұмыры
зиратты заңғар тұлға.....54

БИОЛОГИЯ

ЖӘНЕ
САЛАУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗІ
№1 (91), 2018

БІЗДІҢ ТҰРАҒЫМЫЗ:

050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93 А.
408 «Г» офис

ТЕЛЕФОНДАР:

Қабылдау бөлмесі –
8 (727) 392-18-95
8-701-596-20-84
8-705-166-10-45
(Бас редактор)

Меншік иесі –
«Ақпарат-Ата» ЖШС

Беттеуші –

ҚАСЕНОВА Қарлығаш

“Ақпарат-Ата” ЖШС
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.

Басуға 05.02.2018 ж.
қол қойылды.
Пішіні 70x104 1/16
Қағазы №1 офсетті
Әріп түрі әдеби
Шартты б. т. – 3,5
Авторлық б. т. – 6
Есептік б. т. – 6,16

Шартты бояулы
бет таңбасы – 5,87
Офсетті басылым
Бағасы 460 теңге

Таралымы – 438

Индексі – 75951

Тапсырысы – 235

Журнал ЖШС РПБК

“Дәуір” баспаханасында
басылды.

Тапсырыс дайын диапозитив-
терден басылды.

Құрметті оқырмандар мен ав-
торлар! “Биология және сала-
уаттылық негізі” журналына
келіп түскен қолжазбалар әде-
би өңделеді.

Қолжазба қайтарылмайды, ма-
қалаларға пікір жазылмайды.

© “Биология және салауатты-
лық негізі” №1, 2018 ж.

Авторлар жариялымындағы пі-
кірлер мен ұсыныстар редакция-
ның түпкілікті көзқарасын біл-
дірмейді.

Электрондық пошта:

km_tk_aa@mail.ru

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

АТАНБАЕВА Гүлшат,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

биология және биотехнология факультеті биофизика және биомедицина
кафедрасының аға оқытушы, биология ғылымдарының кандидаты

МУХАМАДИЕВА Рауфа,

№49 жалпы білім беретін мектептің директоры

ЕРНАЗАРОВА Айша,

биология пәні мұғалімі,

МОЛДАСҚЫЗЫ Мадина,

ҒАЛЫМҚЫЗЫ Гүлайым

биология және биотехнология факультетінің магистранттары

Білім беруді ізгілендіру, гуманитарландыру және ақпараттандыру қазіргі таңдағы жаһандық мәселелердің бірі ретінде қарастырылған. Заман талабына сай тиімді жаңа технологиялардың білім мен ғылым саласында алар орны мен маңыздылығы жүйелі түрде қамтылған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет [1, 2]. Осыған орай, біздің республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде еруге батыл қадамдар жасалынууда. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғау арқылы экологиялық тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болмақ. Яғни, педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылууда. Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады [3, 4]. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Кез келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді [5].

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасаумен қатар оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық